


Зертханада мұнай және мұнайөнімдерінің аққыштығын вискозиметр құрылғысымен анықтайды. Вискозиметр ВПЖ – 4 көмегімен анықталған мәліметтерге есептеулер жүргізу арқылы келесі диаграммалық сызбанұсқада алынған мәліметтер анықталды.

Мұнай және мұнай өнімдерінің тұтқырлығы – аққыштықты сипаттайтын, мұнай өнімдерін тасымалдауда маңызды физикалық көрсеткіш. Негізінен тұтқырлықтың үш түрі болады: динамикалық, кинематикалық, шартты.



Сурет 1 – Әлібекмола және Бозой кен орындары мұнайының анықталған кинематикалық және динамикалық тұтқырлығы

Зерттеу нәтижесі бойынша мұнайды тура айдау арқылы фракциялардың көлемдік шығымы анықталып, материалдық баланс құрастырылады.

Кесте - 4 Әлібекмола кен орнының мұнайының материалдық балансы

Шикізат	Көлемі, мл	Көлемдік үлес, %	Алынатын өнімдер	Көлемі, мл	Көлемдік үлес, %
Мұнай	250	100	Бензин	92,5	37
			Керосин	19	7,6
			Дизельдік отын	26	10,4
			Қалдық	112,5	45
Барлығы	250	100	Барлығы	250	100

Кесте - 5 Бозой кен орнының мұнайының материалдық балансы

Шикізат	Көлемі, мл	Көлемдік үлес, %	Алынатын өнімдер	Көлемі, мл	Көлемдік үлес, %
Мұнай	250	100	Бензин	52	20,8
			Керосин	37	14,8
			Дизельдік отын	53	21,20
			Қалдық	108	43,2
Барлығы	250	100	Барлығы	250	100

Материалдық баланс бойынша салыстыруға алынған мұнайлардың ашық дистилляттарының шығымында айтарлықтай өзгерістер болды. Әлібекмола кен орнының мұнайынан алынған бензин дистиллятының шығымы Бозой кен орнымен салыстырғанда 16,2 пайызға артық, керосин дистиллятының шығымы 7,2 және дизельдік дистилляттың 10,8 пайызға төмен екені анықталды. Мұнайдың ашық дистилляттарының қайнау температураларында болған айырмашылық анықталып, кесеге түсірілді.